

Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы Басқарма
шешімінің 2025 жылғы 28 тамыздағы
№ 39 хаттамасымен бекітілген

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларын бағалау ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларын бағалау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі» дербес білім беру ұйымы NIS-Programme Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – NIS-Programme) бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарында (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) оқитын оқушыларды бағалау тәртібін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) оқушыларын бағалауды реттейтін құқықтық актілерге сәйкес айқындайды.

1.2 Берілген Ережелер Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын ДББҰ филиалдарына және еншілес ұйымдарға қолданылмайды.

1.3 Аталған Ережелерде төмендегідей ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) **аттестаттау комиссиясы** – сыртқы жиынтық бағалау, сыртқы қорытынды бағалау немесе мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау жұмыстарын бағалау үшін ДББҰ Басқарма Төрағасының және/немесе Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен тағайындалатын комиссия;

2) **бағалау критерийі** – оқыту нәтижесіне қойылатын нақты талапты көрсететін және оқушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға негіз болатын бағалау жүйесінің белгісі;

3) **бағалау міндеттері** – сыртқы жиынтық бағалаудың тест спецификациясында берілген күтілетін нәтижені бағалау;

4) **балл қою кестесі** – қабылданатын дұрыс жауаптар және / немесе бағалау критерийлерінің тізбесін, тапсырмаларды орындаудың негізгі

кезеңдерінің сипаттамасын, сондай-ақ бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге және балл қоюдың бірыңғай тәсілдерін белгілеуге бағытталған тиісті балл бөлінісін қамтитын нұсқаулық;

5) **дескриптор** – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама;

6) **емтихан жұмысы** – пән бойынша сыртқы жиынтық бағалау, сыртқы қорытынды бағалау немесе мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау аясында оқушылардың өз бетінше орындауына арналған тапсырмалар жиынтығы немесе оның құрамдас бөлігі.

7) **емтихан комиссиясы** – Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен сыртқы жиынтық бағалауды, сыртқы қорытынды бағалауды және мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу үшін тағайындалатын, құрамына Зияткерлік мектептер жұмыскерлері кіретін комиссия;

8) **ерекше жағдайды қамтамасыз ету** – жиынтық бағалау, сыртқы қорытынды бағалау немесе мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау өткізу кезінде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушы үшін ерекше жағдайды ұйымдастыру және жасау;

9) **ерекше қажеттілігі бар оқушы** – туа біткен немесе жүре пайда болған ауруы (уақытша еңбекке жарамсыздық, мүгедектік) бар оқушы;

10) **жиынтық бағалау** – оқудың белгілі бір кезеңінде (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) және NIS-Programme бойынша бөлімдерді және / немесе ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағанда өткізілетін бағалау түрі;

11) **жиынтық жұмыс** – оқудың белгілі бір кезеңінде (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) және NIS-Programme бойынша бөлімдерді және / немесе ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағаннан кейін оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін көрсететін оқушы жұмысы;

12) **жылдық баға** – аталған Ережелерде анықталған өзге жағдайларды қоспағанда, сыртқы жиынтық бағалауды және/немесе сыртқы қорытынды бағалауды есепке алмай, оқу жылы аяқталғаннан кейін оқу нәтижелері негізінде белгіленген тәртіппен қойылатын, оқушылардың оқу жылы ішіндегі пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін көрсететін оқу жетістіктерінің бағасы;

13) **Зияткерлік мектептен тыс сыртқы ұйым** – Cambridge University Press & Assessment (бұдан әрі – Кембридж) және/немесе ДББҰ филиалы «Педагогикалық өлшеулер орталығы» (бұдан әрі – ПӨО);

14) **когнитивтік емес дағдыларды бағалау** – оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және эмоциялық мінездемелері мен академиялық біліктерін қамтитын когнитивтік емес дағдылардың қалыптасуы туралы ақпарат алу мақсатында өткізілетін бағалау;

15) **критериалды бағалау** – оқушылардың оқу жетістіктері оқу мақсаттарына және/немесе пәндер бойынша оқу бағдарламасының күтілетін

нәтижелеріне сәйкес келетін алдын ала белгіленген критерийлер негізінде өлшенетін бағалау жүйесі;

16) **критериалды бағалаудың электрондық журналы** (бұдан әрі – КБ электрондық журналы) – оқушылардың үлгерімін есепке алуды және бақылауды автоматтандыруға, жиынтық бағалау нәтижелерін тіркеуге, тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды есептеуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ пән педагогтерінің, тәрбиеші-педагогтердің, мектеп әкімшілігінің, ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің сыныптар мен пәндер бойынша оқушылардың оқу нәтижелеріне жедел қол жеткізуін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар кешені;

17) **қалыптастырушы бағалау** – дер кезінде оқуды түзетуге және оқушыларға қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін, құрылымдалған кері байланыс ұсыну арқылы оқу үдерісі барысында үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі;

18) **қорытынды баға** – аталған Ережелерде анықталған өзге жағдайларды қоспағанда, оқу жылының қорытындысы бойынша жылдық оқу нәтижелері және сыртқы жиынтық бағалау немесе мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау негізінде белгіленген тәртіппен қойылатын пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін көрсететін оқушылардың оқу жетістіктерінің бағасы;

19) **мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау** – NIS-Programme оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын, 9-сыныпты аяқтағаннан кейін Зияткерлік мектептен шығуға ниетті оқушылар үшін негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат алу мақсатында жүргізілетін білім, білік және дағдыларды бағалау;

20) **модерация** – балл қоюдың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, бағалаудың анықтығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың жұмыстарын бағалау нәтижелерін кәсіби талқылап қарастыратын үдеріс;

21) **оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтау тесті** (бұдан әрі – **ОФСҚДАТ**) – оқушылардың білім, білік, дағдыларын практикалық, өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін сырттай бағалау;

22) **оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу** (бұдан әрі – Мониторинг) – пәндер бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес оқушылардың ағымдағы білім, білік, дағдылар деңгейі туралы объективті ақпаратты тұрақты түрде жинауға, өңдеуге және ұсынуға арналған, оқыту динамикасын бақылауға және әрбір оқушының жеке білім беру траекториясын түзетуге мүмкіндік беретін оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау;

23) **оқушының оқу портфолиосы** – оқушының тоқсандық жиынтық жұмысы жүйелі түрде жинақталатын және сақталатын папка;

24) **рубрика** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі;

25) **сыртқы бағалау** – Зияткерлік мектептен тыс сыртқы ұйым әзірлейтін және жүргізетін бағалау;

26) **сыртқы жиынтық бағалау** – NIS-Programme-мен негізгі мектепте, жоғарғы мектепте пәндер бойынша оқуын аяқтаған соң оқушылардың оқу бағдарламасын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін және оқушылардың өтуі үшін міндетті білім, білік, дағдыларды сыртқы бағалау;

27) **сыртқы қорытынды бағалау** – нәтижелері ұлттық бірыңғай тестілеу сертификатына енгізілуі мүмкін, негізгі мектепте және/немесе жоғары мектепте оқуы аяқталған пәндерден жоғарғы мектеп оқушыларының (ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің) таңдауы бойынша білім, білік, дағдыларын бағалау мақсатында жүргізілетін сыртқы бағалау;

28) **тест спецификациясы** – бағалау құрылымын, мазмұнын, форматын және / немесе тәртібін анықтайтын құжат;

29) **тоқсандық баға** – аталған Ережелерде анықталған өзге жағдайларды қоспағанда, пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін көрсететін, қалыптастырушы бағалауды есепке алмай, тоқсандық оқу нәтижелері негізінде белгіленген тәртіппен оқушының оқу жетістіктеріне тоқсан соңында қойылатын баға;

30) **ұлттық бірыңғай тестілеу** (бұдан әрі – ҰБТ) – Қазақстан Республикасының жоғары және / немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны;

31) **ҰБТ-ның бейіндік пәні** – сыртқы жиынтық бағалауды немесе сыртқы қорытынды бағалауды тапсыруға арналған пән, оның нәтижесі ҰБТ сертификатының бейіндік пәнінің балына ауыстыру кезінде қолданылуы мүмкін.

1.4 Зияткерлік мектептерде оқу үдерісінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау барлық оқу пәндері бойынша жүргізіледі.

2. Қалыптастырушы бағалау

2.1 Қалыптастырушы бағалау пәндер бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуге және қиындықтарды анықтауға көмектеседі, оқу үдерісінде оқушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасу, білімді меңгеру деңгейін анықтайды.

2.2 Қалыптастырушы бағалау кезінде пән педагогтері оқушыларға міндетті, үздіксіз және конструктивті кері байланыс береді, КО электрондық журналына баға, балл қою жүргізілмейді.

2.3 Қалыптастырушы бағалау нәтижелері тоқсандық, жылдық және қорытынды баға қою кезінде ескерілмейді.

2.4 Қалыптастырушы бағалау сабақтың әр кезеңінде түрлі әдістер мен бағалау тәсілдерін (ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыс, зертханалық жұмыс, жоба, тест тапсырмалары және т.б.) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2.5 Қалыптастырушы бағалау барысында оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың жеке, жұптық және топтық түрлері қолданылады.

2.6 Қалыптастырушы бағалаудың нәтижесі бойынша пән педагогі оқу үдерісін дер кезінде түзетіп, оқушыларға жиынтық бағалау өткізілгенге дейін оқу мақсаттарына қол жеткізуде қолдау көрсетеді.

2.7 Қалыптастырушы бағалау пәндер бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес барлық оқу мақсаттары бойынша жүргізіледі.

3. Бөлім/ортақ тақырып және тоқсандық жиынтық бағалау

3.1 Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) пәндер бойынша оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар аяқтағандағы оқушылардың оқу жетістігі деңгейін анықтау мақсатында балл қою арқылы өткізіледі.

3.2 БЖБ 2–12-сынып оқушылары үшін өткізіледі.

3.3 Барлық оқушының БЖБ жұмысын орындауы міндетті.

3.4 БЖБ рәсімін өткізу саны ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

3.5 БЖБ өткізу кестесін Зияткерлік мектеп бекітеді.

3.6 БЖБ тапсырмаларын Зияткерлік мектептердің пән педагогтері пәндер бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындайды.

3.7 БЖБ «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен басқа барлық пәндерден өткізіледі.

3.8 «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жартыжылдық және оқу жылы қорытындысы бойынша «Есептелінді» немесе «Есептелінген жоқ» деген баға қойылады. «Есептелінді» немесе «Есептелінген жоқ» бағасын қою критерийлері оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге сәйкес Зияткерлік мектептердің әдістемелік бірлестіктерімен анықталады.

3.9 БЖБ бір оқу пәні бойынша тоқсан ішінде үш реттен артық өткізілмейді. Егер бір тоқсанда оқушылар төрт немесе одан да көп бөлім / ортақ тақырыптарды өтетін болса, онда бөлім / ортақ тақырыптар NIS-Programme пәндерінің оқу бағдарламасы мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес топтастырылып, біріктіріледі.

3.10 БЖБ өткізу ұзақтығы 20 минуттан аспауы тиіс.

Осы уақыт нормасы «Тіл және әдебиет» білім беру саласының ерекшелігіне қатысты қолданылмайды. «Тыңдалым», «Айтылым» / «Тыңдалым және айтылым» дағдысын бағалау жиынтық бағалау өткізу жоспарланған уақыт барысында, бір апта ішінде жүргізіледі.

3.11 БЖБ балдары дескрипторларға сәйкес қойылады.

3.12 Оқушылардың БЖБ нәтижелері бойынша балдары бағалау өткізілген күннен кейінгі үш күнтізбелік күн ішінде критериалды бағалау электрондық журналына енгізіледі.

3.13 Бөлім / ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыстар бағалау критерийлері мен дескрипторларымен бірге пән педагогтерінде сақталады.

3.14 Тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі – ТЖБ) тоқсан соңында оқушылардың оқу жетістігі деңгейін анықтау мақсатында балл қою арқылы жүргізіледі.

3.15 ТЖБ 2–12-сынып оқушылары үшін өткізіледі.

3.16 Барлық оқушының ТЖБ жұмысын орындауы міндетті.

3.17 Пәндер бойынша ТЖБ өткізу кестесі Зияткерлік мектеп директорының ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығы негізінде бекітіледі және тоқсан ішінде пән педагогтеріне, оқушыларға, ата-аналарға немесе басқа да заңды өкілдерге хабарланады. Бір оқу күнінде бір сыныпқа үш реттен артық ТЖБ өткізілмейді.

3.18 Еңсерілмейтін мән-жайдағы әрекеттер, яғни төтенше, шарасыз және басқа да (табиғи апаттар, соғыс қимылдары, инженерлік желілердің апаттық ажыратылуы және т.б.) жағдайлар туындағанда, тараптардың еркінсіз ТЖБ тапсыруды бекітілген мерзімде өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ТЖБ мерзімін Зияткерлік мектеп директорының бұйрығы негізінде өзгертуге болады.

3.19 ТЖБ тапсырмаларын және балл қою кестесін әзірлеу Зияткерлік мектептердің әдістемелік бірлестіктері тарапынан, ПӨО директоры бұйрығымен бекітілген пәндер бойынша оқу бағдарламасы мен ТЖБ тест спецификациясы негізінде жүзеге асырылады.

3.20 ПӨО Зияткерлік мектептердің пән педагогтерімен бірлесіп, пәндер бойынша ТЖБ тапсырмалары мен балл қою кестесіне «Бағалау» (se.nis.edu.kz) ақпараттық жүйесі сайтында онлайн сараптама жүргізеді.

3.21 Пәндер бойынша ТЖБ өткізу үшін «Бағалау» ақпараттық жүйесі сайтындағы (se.nis.edu.kz) сараптамадан өткен тапсырмалар пайдаланылады.

3.22 ТЖБ «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» және «Дене тәрбиесі» пәндерінен басқа барлық пәндерден өткізіледі.

3.23 Оқытылуы бірінші жартыжылдықта аяқталатын сыртқы жиынтық бағалау жүргізілетін пәндер бойынша ТЖБ ІІ тоқсанда өткізілмейді. Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін пәндерден ТЖБ 4-тоқсанда жүргізілмейді.

3.24 Аптасына жүктемесі 1–2 сағаттан тұратын пәндерден ТЖБ өткізу ұзақтығы 40 минуттан аспауы қажет. Аптасына жүктемесі 3 сағат және одан көп пәндерден ТЖБ өткізу ұзақтығы 80 минуттан тұрады.

3.25 Осы уақыт нормасы «Тіл және әдебиет» білім беру саласының пәндеріне қатысты қолданылмайды. «Тіл және әдебиет» білім беру саласының пәндері бойынша ТЖБ өткізу ұзақтығы ТЖБ тест спецификациясында реттеледі. «Тыңдалым», «Айтылым» / «Тыңдалым және айтылым» дағдысын

бағалау жиынтық бағалау жоспарланған уақыт барысында, бір апта ішінде жүргізіледі.

3.26 ТЖБ балдары балл қою кестесіне сәйкес қойылады.

3.27 Оқушылардың оқу нәтижелерін әділ және ашық бағалау үшін пән педагогтері ТЖБ тапсырмалары бойынша оқушылардың жұмыстарын модерациядан өткізеді.

3.28 ТЖБ қорытындысы бойынша оқушылардың балдары КБ электронды журналға модерациядан өткен соң, тоқсан аяқталғанға дейін енгізіледі.

3.29 Тоқсандық жиынтық жұмыстар оқушының оқу портфолиосында сақталады. ТЖБ балдарын қою кестесі қағаз немесе электрондық форматта құрылымдалған түрде оқушының оқу портфолиосында немесе жалпы папкада сақталады.

3.30 Оқушының оқу портфолиосын жүргізу және сақтау жауапкершілігі педагог-ұйымдастырушы-кураторларға және оқу үдерісіне жетекшілік ететін директор орынбасарына жүктеледі.

3.31 Оқушының оқу портфолиосы пән педагогтеріне, Зияткерлік мектеп әкімшілігіне, ата-аналарға немесе оқушылардың заңды өкілдеріне танысу үшін қолжетімді болуы қажет.

3.32 Оқушының оқу портфолиосы Зияткерлік мектепте сақталады және келесі оқу жылының бірінші тоқсаны ішінде жойылады.

3.33 Оқушыларды басқа Зияткерлік мектепке ауыстырған жағдайда, сұраныс бойынша оқу портфолиосының электрондық көшірмесі қабылдайтын Зияткерлік мектепке беріледі.

3.34 БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын қайта орындауға (қайта жазуға) рұқсат етілмейді.

3.35 БЖБ және/немесе ТЖБ өткізу кезінде белгілі себептермен (ауруына, жақын туысының қазасына, ДББҰ Басқарма Төрағасының және / немесе Зияткерлік мектеп директорларының бұйрығымен бекітілген конференция, олимпиада, ғылыми жарыстарға және т.б. қатысуына байланысты) келмеген оқушы мектепке келген соң екі апта ішінде жұмысын тапсыруы қажет, ол үшін оқушы меңгерген бөлім / ортақ тақырыптар негізінде құрастырылған жиынтық бағалау тапсырмаларының қосымша нұсқалары қолданылады.

3.36 БЖБ және / немесе ТЖБ өткізу кезінде белгісіз себептермен келмеген оқушының (бекітілген формадағы медициналық анықтама, Зияткерлік мектеп директорының бұйрығының болмауы) жиынтық жұмысына «0 (нөл)» балл қойылады.

3.37 БЖБ және ТЖБ бойынша академиялық адалдық ережелері мен қағидаларын бұзушылық дерегі анықталса, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының академиялық адалдықты сақтау ережесі мен ішкі тәртіп ережелерінде қарастырылған шаралар қолданылады.

3.38 БЖБ және ТЖБ нәтижесінде ата-анаға немесе басқа заңды өкілдеріне оқушының оқу жетістіктерінің ілгерілеуі туралы ақпарат беріледі.

4. Оқушының ТЖБ жұмысына модерация өткізу тәртібі

4.1 Модерация бір пәннен және / немесе параллель сыныпта сабақ беретін педагогтер тарапынан өткізіледі.

4.2 Модерация ТЖБ жүргізілгеннен кейін өткізіледі. Модерация ТЖБ жүргізілгеннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде, алайда тоқсан аяқталмай тұрып өткізілуі қажет.

4.3 Мектеп әкімшілігі әдістемелік бірлестік жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушылардың жұмысын талқылау үдерісін реттеп отыру үшін алдын ала модерация өткізудің орны мен уақытын белгілейді, модерация отырысының төрағасын бекітеді.

4.4 Модерация отырысының төрағасы Зияткерлік мектептің әдістемелік бірлестігі жұмыскерлерінің қатарынан тағайындалады.

4.5 Модерация өткізгенге дейін оқушылардың жиынтық жұмысын пән педагогтері тексереді.

4.6 Пән педагогі модерация отырысына оқушылардың тексерілген, балдардың өсу реті бойынша жинақталған жұмысын әкеледі.

4.7 Модерация отырысында пән педагогімен тексерілген (балдардың өсу реті бойынша жинақталған) оқушылар жұмысынан кездейсоқ түрде жоғары, орта және төмен балл алған үш жұмыс іріктеліп алынады. Пән педагогі өзі осыған дейін тексерген оқушылар жұмысын іріктеуге қатыса алмайды.

4.8 Егер пән педагогі бір параллельдегі бірнеше сыныпта сабақ беретін болса, жұмыс жалпы саны бойынша іріктеледі.

4.9 Модерация отырысында педагогтер балл қою кестесіне сәйкес қойылған балдарды талқылайды. Балл қою кестесіне қажет болған жағдайда өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізіледі.

4.10 Модерация қорытындысында модерация отырысында келісілген балл қою кестесіне сәйкес оқушылар жұмысына балл қойылады. Қойылған балды өзгерту қажеттілігі бар оқушы жұмысы пән педагогімен қайта тексеріледі.

4.11 Модерация нәтижесі бойынша ТЖБ балдары өзгеріссіз қалуы немесе жоғарыға да, төменге де қарай өзгеруі мүмкін.

4.12 Модерация отырысы аяқталғаннан кейін осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес модерация отырысының хаттамасы толтырылады. Хаттамалар әдістемелік бірлестік жетекшісінде сақталады және келесі оқу жылының бірінші тоқсанында жойылады.

4.13 Модерация отырысы қорытындысы бойынша пән педагогі ТЖБ қорытынды балдарын КБ электрондық журналына қояды.

5. БЖБ/ТЖБ өткізу кезінде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға жағдай жасау тәртібі

5.1 Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін жиынтық бағалау (БЖБ, ТЖБ) жүргізу кезеңінде растайтын құжаттары (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы (бұдан әрі – ДКК), тұрғылықты жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы (бұдан әрі – МӘС)) немесе мамандандырылған медициналық ұйымдардың анықтамасы болған кезде аталған Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес ерекше жағдайлардың түрлері ұсынылады.

5.2 Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін ерекше жағдайлар түрін қолдану Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

5.3 Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға жиынтық бағалау балдары мен бағалар осы Ережелерде белгіленген тәртіпке сәйкес қойылады.

5.4 Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға ерекше жағдай жасауды қамтамасыз ету басқа оқушыларға қарағанда ерекше қажеттілігі бар оқушыға негізсіз артықшылық бермеуі тиіс.

6. Сыртқы жиынтық бағалау

6.1 Сыртқы жиынтық бағалау NIS-Programme пәндері бойынша ДББҰ оқушыларының бағалауын реттейтін құқықтық актілерге сәйкес 10, 11, 12-сыныптарда өткізіледі.

6.2 Оқушылар пәндер және/немесе элективті курстар бойынша “Есептеледі” түріндегі жылдық бағалары және/немесе оқу нәтижелері болмаған жағдайда сыртқы жиынтық бағалауға жіберілмейді. Соңғы оқу жылы ішінде экстернат нысанында оқыған оқушыларда “Бастапқы әскери және технологиялық дайындық” пәні немесе элективті курстар бойынша “Есептеледі” түріндегі оқу нәтижелерінің болмауы олардың сыртқы жиынтық бағалауға жіберілуіне әсер етпейді.

6.3 Оқушыларды денсаулық жағдайы бойынша дене шынықтыру сабақтарынан босату олардың сыртқы жиынтық бағалауға жіберілуіне әсер етпейді.

6.4 Сыртқы жиынтық бағалау пәндері бойынша “2 (қанағаттанарлықсыз)” жылдық бағалары бар оқушылар сыртқы жиынтық бағалауға жіберіледі.

6.5 Сыртқы жиынтық бағалау жүргізілмейтін пәндер бойынша “2 (қанағаттанарлықсыз)” жылдық бағалары бар оқушылар сыртқы жиынтық бағалауға жіберілмейді.

6.6 Сыртқы жиынтық бағалауға жіберілмеген оқушылар ДББҰ құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпшен Зияткерлік мектептерден шығарылады және оларға аталған Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес нысан

бойынша Зияткерлік мектепте негізгі мектептің немесе жоғары мектептің курсы аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

6.7 10-12-сынып оқушылары үшін мерзімінен бұрын сыртқы жиынтық бағалау қарастырылмаған.

6.8 Сыртқы жиынтық бағалау ДББҰ оқушыларына сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылады және өткізіледі.

6.9 Емтихан материалдарын Зияткерлік мектептен тыс сыртқы ұйым әзірлейді. Емтихан материалдарының формасы, бағалау міндеттері мен сипаттамасы ПӨО директорының бұйрығымен бекітілетін тест спецификацияларында айқындалады.

6.10 10-11-сынып оқушылары ПӨО әзірлейтін емтихан материалдары бойынша сыртқы жиынтық бағалаудан өтеді. 12-сынып оқушылары ПӨО әзірлейтін және Кембридж аккредиттейтін емтихан материалдары бойынша сыртқы жиынтық бағалаудан өтеді.

6.11 10-сыныптарда сыртқы жиынтық бағалау төрт міндетті пән және оқушылардың бір таңдау пәні бойынша өткізіледі. Пәнді таңдау 10-сыныпта жүзеге асырылады. Пәнді таңдау үшін оқушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің бірі аталған Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес ағымдағы оқу жылының бірінші тоқсаны аяқталғанға дейін өтініш береді.

6.12 11-сыныптарда сыртқы жиынтық бағалау екі міндетті пән бойынша өткізіледі.

6.13 12-сыныптарда сыртқы жиынтық бағалау үш міндетті пән және оқушылардың таңдауы бойынша екі немесе үш таңдау пәні бойынша өткізіледі.

6.14 Экстернат нысанында оқыған, академиялық демалыста болған және оқу жылы аяқталғаннан кейін Зияткерлік мектепке оралған оқушылар, сондай-ақ оқу жылын аяқтаған және сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін немесе оны өткізу кезеңінде ауырған оқушылар жылдық бағалар қойылғаннан кейін жаңа оқу жылы басталғанға дейін ПӨО әзірлейтін емтихан материалдары бойынша аталған бағалаудан өтеді.

6.15 Пәндер тізімі, пәндер бойынша емтихан жұмыстары, әр пән бойынша 10-12-сынып оқушыларына сыртқы жиынтық бағалауды өткізу формасы мен тапсыру тілі NIS-Programme, ДББҰ оқушыларының бағалауын реттейтін құқықтық актілері, сыртқы жиынтық бағалаудың тест спецификациялары арқылы айқындалады және ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей бекітіледі.

6.16 Әр пән бойынша 10-12-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сыртқы жиынтық бағалауды өткізу мерзімдері мен уақыты ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей бекітіледі.

6.17 Практикалық емтихан жұмысының басталу уақыты оқушылар ағынының санына байланысты. Ағындардың кестесін Зияткерлік мектеп жасайды және ПӨО-мен келісіледі.

6.18 Педагогтер, оқушылар және / немесе ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер сыртқы жиынтық бағалауды өткізу мерзімі мен уақыты туралы бұйрықпен сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін кемінде 7 күнтізбелік күн бұрын таныстырылады.

6.19 Академиялық демалыста болған және оқу жылы аяқталғаннан кейін Зияткерлік мектепке оралған экстернат нысанында оқитын оқушылар үшін әрбір пән бойынша сыртқы жиынтық бағалауды өткізу мерзімдері ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен ағымдағы жылдың 15 тамызынан кешіктірілмей бекітіледі.

6.20 Оқу жылын аяқтаған және сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін немесе оны өткізу кезеңінде сырқаттанған оқушылар үшін растайтын құжаттары (ДКК қорытындысы, МӘС қорытындысы немесе мамандандырылған медициналық ұйымдардың анықтамасы) болған кезде, сондай-ақ дәлелді себеппен сыртқы жиынтық бағалауға қатыспаған оқушылар үшін (конференцияларға қатысу, олимпиадалар мен зияткерлік жарыстарда, жақын туысының қайтыс болуы, дәрігердің қорытындысы бойынша карантинде болуы) растайтын құжаттары (Зияткерлік мектеп директорының бұйрығы, қайтыс болу туралы куәлік, жол жүру билеттері, дәрігердің қорытындысы) болған кезде әрбір пән бойынша сыртқы жиынтық бағалауды өткізу мерзімдері ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен ағымдағы жылдың 15 тамызынан кешіктірілмей бекітіледі.

6.21 Академиялық демалыста жүрген және оқу жылы аяқталғаннан кейін Зияткерлік мектепке оралған экстернат нысанында оқитын оқушылар үшін сондай-ақ оқу жылын аяқтаған және сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін немесе оны өткізу кезеңінде сырқаттанған оқушылар мен дәлелді себеппен болмаған оқушылар үшін сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу және бағалау тәртібі аталған Ережелердің 6.20-тармағына сәйкес осы Ережелердің 6.8-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6.22 Зияткерлік мектептер сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін сыртқы жиынтық бағалауды жүргізу кезінде ерекше жағдайларды талап ететін туа біткен немесе жүре пайда болған сырқаты (уақытша еңбекке жарамсыздығы, мүгедектігі) бар 10-12-сынып оқушылары туралы мәліметтер мен растайтын құжаттарды (ДКК қорытындысы, МӘС қорытындысы немесе мамандандырылған медициналық ұйымдардың анықтамасы) ДББҰ-ға ұсынады. Мәліметтерді сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей беру қажет.

6.23 Сыртқы жиынтық бағалауды өткізу кезінде оқушыларға ерекше жағдай жасау туралы шешім ПӨО тарапынан қабылданады, ПӨО директоры

бұйрығымен бекітіледі. Осы жағдайдың жасалуын Зияткерлік мектептер ПӨО-мен бірлесіп қамтамасыз етеді.

6.24 Туа біткен немесе жүре пайда болған ауруы бар оқушылар үшін сыртқы жиынтық бағалауды өткізуге арналған ерекше жағдай ДББҰ оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейтін құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылады.

6.25 Сыртқы жиынтық бағалау кезеңінде ауырып, емтихан жұмысын пән бойынша максималды мүмкін балдың 50%-нан жоғары орындаған 10-12-сынып оқушыларының нәтижелері ПӨО құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен есептеледі.

Емтихан жұмысы 50%-дан кем орындалған жағдайда қорытынды бағаны қою кезінде сыртқы жиынтық бағалаудың нәтижесі ескерілмейді. Қорытынды баға жылдық бағалау негізінде қойылады.

6.26 Еңсерілмейтін мән-жайдағы әрекеттер, яғни төтенше және шарасыз (табиғи құбылыстар, әскери әрекеттер т.б.) жағдайлар туындағанда, тараптардың еркінсіз емтиханды тапсыруды бекітілген мерзімде өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, сыртқы жиынтық бағалаудың мерзімін ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығы негізінде өзгертуге болады.

6.27 Арнайы мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қолданылған жағдайда, ДББҰ Басқармасының шешімімен балдарды (бағаларды) қоюда бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету үшін тиісті рәсімдерді жүргізе отырып, сыртқы жиынтық бағалау балдарын (бағаларын) қоюдың өзге де механизмдері бекітіледі және қолданылады.

6.28 Пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері аттестаттау комиссиясы барлық емтихан жұмыстарын тексеруді аяқтағаннан кейін ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітілетін мерзімдерде жарияланады.

6.29 Сыртқы жиынтық бағалау бойынша аттестаттау комиссияларының бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда оқушылар ДББҰ оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін құқықтық актілерге сәйкес апелляциялық комиссияға жүгінуге құқылы.

7. Сыртқы қорытынды бағалау өткізу тәртібі

7.1 Осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес, 12-сынып оқушыларына ҰБТ-ның бейінді пәндері бойынша сыртқы қорытынды бағалаудан өту мүмкіндігі беріледі.

7.2 12-сынып оқушылары Қазақстан Республикасының білім беру ісіндегі уәкілетті орган бекіткен Білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі бойынша ҰБТ бейінді пәндерін (шығармашылық емтихан тапсыратын пәндерден басқа) таңдайды.

7.3 Сыртқы қорытынды бағалауға қатысу үшін оқушы ата-анасының бірі немесе басқа заңды өкілі, осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес, ағымдағы оқу жылының бірінші тоқсаны аяқталғанға дейін ҰБТ бейінді пәндері көрсетілген өтініш береді.

7.4 Зияткерлік мектептер ДББҰ-ға сыртқы қорытынды бағалауға қатысатын оқушылар туралы (тегі, аты, әкесінің аты, Зияткерлік мектептердің атауы, оқыту тілі, таңдалған ҰБТ бейінді пәні) мәліметті ағымдағы оқу жылының екінші тоқсаны басталғанға дейін ұсынады.

7.5 Емтихан материалдарын ПӨО әзірлейді. Бағалау түрі және емтихан материалының сипаттамасы ПӨО директоры бекітетін тест спецификациясы бойынша анықталады.

7.6 Сыртқы қорытынды бағалау пәндері, тапсыру тілі, түрі және өткізу мерзімі ДББҰ Басқарма Төрағасы бұйрығымен сыртқы қорытынды бағалау басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей бекітіледі.

7.7 ҰБТ бейінді пәндері ретінде жоғары сыныпта оқымаған немесе стандартты деңгейде («География» пәнін қоспағанда) оқылған «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География» пәндері таңдалған жағдайда, оқушылар ПӨО әзірлеген және Кембридж тарапынан аккредиттелген емтихан материалдары бойынша сыртқы қорытынды бағалау тапсырады.

7.8 ҰБТ бейінді пәндері ретінде жоғары сыныпта оқымаған «Құқық негіздері», «Дүниежүзі тарихы» пәндері таңдалған жағдайда, оқушылар ПӨО әзірлеген емтихан материалдары бойынша сыртқы қорытынды бағалау тапсырады.

7.9 Сыртқы қорытынды бағалауды ұйымдастыру, өткізу тәртібі және жұмыстарды бағалау, сондай-ақ апелляция жүргізу рәсімі осы Ережелердің 6.8, 6.28 және 6.29-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.10 Зияткерлік мектептер сыртқы қорытынды бағалау басталғанға дейін туа біткен немесе жүре пайда болған ауруы (уақытша еңбекке жарамсыздық, мүгедектік) бар, сыртқы қорытынды бағалау кезінде ерекше жағдайды қажет ететін оқушылар туралы растайтын құжаттарды (ДКК қорытындысы, МӘС қорытындысы немесе мамандандырылған медициналық ұйымның анықтамасы) қосымшасымен бірге ДББҰ-ға тапсырады. Оқушылар туралы мәлімет сыртқы қорытынды бағалау басталғанға дейін 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

7.11 Сыртқы қорытынды бағалауды өткізу кезінде оқушыларға ерекше жағдай жасау туралы шешім ПӨО тарапынан қабылданады, ПӨО директоры бұйрығымен бекітіледі. Осы жағдайдың жасалуын Зияткерлік мектептер ПӨО-мен бірлесіп қамтамасыз етеді.

7.12 Туа біткен немесе жүре пайда болған ауруы бар оқушылар үшін сыртқы қорытынды бағалауды өткізуге арналған ерекше жағдай ДББҰ оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізуді реттейтін құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылады.

7.13 Оқушылардың сыртқы қорытынды бағалау нәтижелері оқу жылының қорытындысы бойынша баға қою кезінде есептелмейді және аттестаттардың қосымшалары мен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің «NIS Grade 12 Certificate» (бұдан әрі – NIS сертификаты) 12-сыныпты бітіруші сертификатына енгізілмейді.

8. Сыртқы жиынтық бағалау, сыртқы қорытынды бағалау нәтижелерін ҰБТ сертификатының балдарына ауыстыру тәртібі

8.1 Математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), Қазақстан тарихы бойынша ҰБТ сертификатына балдарды қою үшін 12-сынып оқушыларының «Математика», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1)», «Қазақстан тарихы» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау емтиханының ең жоғары нәтиже алған бір жұмысының нәтижесі қолданылады.

8.2 ҰБТ сертификатына бейіндік пәндер («Биология», «География», «Информатика», «Физика», «Химия») бойынша балдарды қою үшін 12-сынып оқушыларының «Биология», «География», «Информатика», «Физика», «Химия» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау немесе сыртқы қорытынды бағалау емтихандарының ең жоғары нәтиже алған жұмысының нәтижесі қолданылады.

8.3 ҰБТ сертификатына бейіндік пәндер бойынша балдарды қою үшін келесі пәндердің нәтижелері қолданылады:

1) «Математика» пәнінен – 12-сынып оқушыларының «Математика» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау емтиханының бірінші және үшінші компоненттерінің нәтижесі;

2) «Қазақ тілі / Русский язык» пәндерінен – 12-сынып оқушыларының «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1)» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау емтиханының бірінші компонентінің нәтижесі;

3) «Қазақ әдебиеті / Русская литература» пәндерінен – 12-сынып оқушыларының «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1)» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау емтиханының екінші компонентінің нәтижесі;

4) «Ағылшын тілі» пәнінен – 11-сынып оқушыларының «Ағылшын тілі» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау емтиханының ең жоғары нәтиже алған жұмысының нәтижесі; сондай-ақ, ҰБТ сертификатына бейіндік пән ретінде «Ағылшын тілі» пәні бойынша балдарды қою үшін ата-ананың немесе басқа заңды өкілдерінің өз қаражаты есебінен тапсырылған IELTS (International English Language Testing System) немесе TOEFL IBT / Internet-based Test халықаралық емтихандарының нәтижелерін пайдалана алады.

5) «Дүниежүзі тарихы» пәнінен – 12-сынып оқушыларының «Дүниежүзі тарихы» пәнінен сыртқы қорытынды бағалау нәтижесі;

6) «Құқық негіздері» пәнінен – 12-сынып оқушыларының «Құқық негіздері» пәні бойынша сыртқы қорытынды бағалау нәтижесі.

8.4 «Ағылшын тілі» пәні бойынша IELTS немесе TOEFL IBT / Internet-based Test халықаралық емтихандарының нәтижесі осы Ережелердің 6-қосымшасындағы Балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес сыртқы бағалау нәтижесіне ауыстырылады. Оқушылардың ата-анасы немесе басқа заңды өкілдерінің өз қаражаты есебінен сатып алған және ҰБТ сертификатын алу үшін Зияткерлік мектептерге тапсырылған IELTS, TOEFL IBT халықаралық емтихандары сертификаттарының балдарын, түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін Зияткерлік мектептер тексереді.

8.5 Сыртқы жиынтық бағалау және сыртқы қорытынды бағалау нәтижелері Қазақстан Республикасының білім беру ісіндегі уәкілетті орган бекіткен балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылады.

9. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағалардың қойылу және оларды есепке алу тәртібі

9.1. 2–12-сынып оқушыларына тоқсандық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері негізінде 50 % бен 50 % арақатынасында қойылады.

9.2. Оқыту бірінші жартыжылдықта аяқталатын сыртқы жиынтық бағалау пәндері бойынша 2-тоқсандағы тоқсандық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша БЖБ нәтижелерін (100 %) қамтиды.

9.3. Сыртқы жиынтық бағалау пәндері бойынша 4-тоқсандағы тоқсандық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша БЖБ нәтижелерін (100 %) қамтиды.

9.4. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсандық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша БЖБ нәтижелері (100 %) негізінде қойылады.

9.5. Тоқсанның екінші жартысында немесе тоқсанның соңында Зияткерлік мектепке оқуға қабылданған оқушыларға тоқсандық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша оқушының өткен тақырыптары негізінде тиісті пәндерге сәйкес әзірленген жиынтық жұмыс нәтижелеріне қарап қойылады.

9.6. Оқуда және/немесе белгілі бір пәндер бойынша тоқсандық баға қою көзделмеген басқа орта білім беру ұйымынан қабылданған немесе ауысқан оқушыларды қабылдаған Зияткерлік мектеп бір апта ішінде жеке сабақтар кестесін жасайды, кестеге сәйкес оқытуды ұйымдастырады, кейін ТЖБ-ны ағымдағы оқу жылы аяқталғанша кешіктірмей тапсырады. Бұл жағдайда тоқсандық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша ТЖБ нәтижесі (100 %) негізінде қойылады.

9.7. Басқа орта білім беру ұйымынан қабылданған немесе ауысқан оқушыларға пәндер бойынша тоқсандық, жылдық, қорытынды баға цифрлық бес балдық шкала бойынша оқу бағдарламасын меңгергенін растайтын

құжаттарды ұсынған және пәндердің сәйкестігі жағдайында орта білім беру ұйымында алынған пәндер бойынша бағалар негізінде қойылады. «Математика» пәні бойынша тоқсандық, жылдық, қорытынды баға цифрлық бес балдық шкала бойынша оқу бағдарламасын меңгергенін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда орта білім беру ұйымында қойылған «Алгебра» пәні бойынша нәтижелер негізінде қойылады.

9.8. Жылдық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша тоқсандық бағалардың арифметикалық орта мәні ретінде жақын бүтін санға дейін дөңгелектеу арқылы қойылады.

9.9. Бірінші жартыжылдықта оқыту аяқталатын пәндер бойынша жылдық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша 1 және 2-тоқсандағы тоқсандық бағалардың арифметикалық орта мәні ретінде жақын бүтін санға дейін дөңгелектеу арқылы қойылады.

9.10. Басқа орта білім беру ұйымынан Зияткерлік мектепке оқуға қабылданған оқушыларға жылдық баға цифрлық бес балдық шкала бойынша Зияткерлік мектепте оқыған кезеңдегі тоқсандық бағалар мен басқа орта білім беру ұйымында алған тоқсандық және/немесе жартыжылдық бағалардың арифметикалық орта мәні ретінде қойылады.

9.11. 4-тоқсанның соңында, оның ішінде оқушылар оқымаған пәндер бойынша ТЖБ өткізу мерзімінде қабылданған оқушыларға жылдық баға Зияткерлік мектептің директоры бекіткен кестеге сәйкес жиынтық жұмыс нәтижесі негізінде қойылады.

9.12. 10–12-сынып оқушыларына қорытынды баға цифрлық бес балдық шкала бойынша осы Ережелердің 7-қосымшасына сәйкес пайыздық арақатынаста тоқсандық бағалардың және сыртқы жиынтық бағалаудан алған бағасының арифметикалық орта мәні негізінде қойылады.

9.13. Денсаулық жағдайы бойынша сыртқы жиынтық бағалауға қатыспаған, ДКК қорытындысымен расталған оқушыларға қорытынды баға цифрлық бес балдық шкала бойынша сыртқы жиынтық бағалау ескерілмей, осы Ережелердің 7-қосымшасына сәйкес үлес салмағымен тоқсандық бағалардың арифметикалық орта мәні негізінде қойылады.

9.14. Қорытынды баға жақын бүтін санға дейін дөңгелектеледі. 10–12-сыныптардың пәндері бойынша қорытынды бағалар аттестаттағы қосымшаға енгізіледі.

9.15. Зияткерлік мектептердің 10–12-сынып оқушылары дәлелді себепсіз пән(-дер) бойынша сыртқы жиынтық бағалауға келмеген жағдайда қорытынды баға қойылмайды.

9.16. Сыртқы жиынтық бағалаудан өтіп, пән(-дер) бойынша «2 (қанағаттанарлықсыз)» қорытынды бағасын алған 10–12-сынып оқушылары ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірмей Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітілетін мерзімде тиісті пәндер бойынша қайта сыртқы жиынтық бағалаудан өтуге жіберіледі.

9.17. Қайта сыртқы жиынтық бағалауда пән(-дер) бойынша «2 (қанағаттанарлықсыз)» қорытынды бағасын алған оқушыларға осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес форма бойынша Зияткерлік мектепте негізгі немесе жоғары мектеп курсын аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

9.18. 10–12-сынып оқушыларының қайта сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу және бағалау тәртібі осы Ережелердің 6.8-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9.19. БЖБ және ТЖБ нәтижелері КБ электрондық журналына балл түрінде қойылады, олар осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес балды бағаға ауыстыру шкаласы бойынша автоматты түрде тоқсандық бағаға ауыстырылады.

9.20. Оқушылардың оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері КБ электрондық журналына қойылады.

9.21. NIS-Programme бойынша білім алып, Зияткерлік мектептер желісі ішінде оқуға ауыстырылған оқушылардың нәтижелері КБ электрондық журналына қойыла береді.

9.22. БЖБ қорытындысы бойынша ақпарат оқушыларға және ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдеріне ДББҰ-ның «Біртұтас ақпараттық-білім беру ортасы» ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – БАББО) критериялды бағалау күнделігі арқылы электрондық форматта оқушылардың оқу жетістіктері деңгейлерінің сипаттамасы бар рубрика түрінде ұсынылады.

9.23. Оқушылардың тоқсандық, жылдық және қорытынды бағалары бар үлгерім табелі «Мектепті басқару жүйесі» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МБЖ) электрондық форматта автоматты түрде қалыптастырылады.

9.24. Экстернат түрінде оқыған және/немесе академиялық демалыста болған, сондай-ақ оқу жылы ішінде қабылданған оқушыларға бағаларды куратор оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары бекіткеннен кейін МБЖ-ға енгізеді.

9.25. Үлгерім табелі ата-аналарға немесе оқушының өзге де заңды өкілдеріне МБЖ-дағы ата-аналардың қолжетімділік функционалдық мүмкіндіктері арқылы қолжетімді болады.

9.26. Оқушының үлгерім табелі оқу жылының қорытындысы бойынша немесе ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің сұранысы бойынша жыл ішінде ұсынылады, жауапты тұлғалардың қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталады. Қағаз нұсқасы оқушының жеке іс қағазына салынады.

9.27. Оқушылардың тоқсан және оқу жылы үшін оқу жетістіктерінің нәтижелері Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес тоқсан және оқу жылы аяқталғаннан кешіктірмей БАББО ережесіне сәйкес МБЖ-да есеп түрінде жасалады. Мектеп тоқсан/оқу жылы аяқталғаннан кейін 2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оқу үлгерімі мен білім сапасы туралы есепті ПОО-ға уақтылы жіберуді қамтамасыз етеді.

ПӨО мектептен алынған деректер негізінде 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оқушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасы туралы статистикалық мәліметтерді дайындайды және оларды Зияткерлік мектептерде бағалау рәсімін үйлестіретін ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшесіне жібереді.

9.28. Оқу жылының соңында КБ электрондық журналындағы оқушылардың үлгерімін есепке алудың жиынтық ведомосы осы Ережелердің 9-қосымшасына сәйкес форма бойынша басып шығарылады, беттері нөмірленіп, тігіледі, директордың қолымен және Зияткерлік мектептің мөрімен бекітіледі. Кейін ведомость мектептің мұрағатына сақтауға беріледі.

9.29. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қою механизмі осы Бұйрықтың 10-қосымшасында ұсынылған.

10. Оқушыларды келесі сыныпқа көшіру

10.1 Оқушыларды келесі сыныпқа көшіру Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңесінің және / немесе Шағын педагогикалық кеңесінің шешімімен тек мына жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) Осы Ережелердің 11-тарауының 11.6-тармағына сәйкес NIS-Programme оқу бағдарламасының меңгерілуі;
- 2) оқушыларда сыртқы жиынтық бағалау пәндері бойынша жылдық, қорытынды бағалардың болуы;
- 3) электив курстарды оқуы және NIS-Programme бойынша «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын «Есептелінді» нәтижесімен меңгеруі;
- 4) ДББҰ құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес, қарастырылған пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалаудан өтуі;
- 5) оқу жылының қорытындысы бойынша «2 (қанағаттанарлықсыз)» деген бағаның болмауы;
- 6) оқу жылының қорытындысы бойынша «3 (қанағаттанарлық)» деген бағаның екеуден артық болмауы.

10.2 Осы Ережелердің 10-тарауының 10.1-тармағының 6) тармақшасы төмендегі оқушыларға қолданылмайды:

- Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты бойынша толық емес оқу жылын оқыған;
- ақылы негізде оқитын;
- Зияткерлік мектептен оқудан шығарылатын немесе Зияткерлік мектепте оқуын жалғастырғысы келмейтін.

10.3 Оқушылардың денсаулық жағдайы бойынша дене тәрбиесі сабағынан босатылуы олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

10.4 Медициналық көрсеткіштер бойынша бір оқу жылы ішінде 2 тоқсаннан және / немесе оқу күндерінің 55%-ынан астам уақыт бойы сабаққа қатыспаған және академиялық демалыста болған оқушылар ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері ұсынған растайтын құжаттар (медициналық анықтама, ДКК қорытындысы, МӘС қорытындысы және т.б.) негізінде Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңесінің және / немесе Шағын педагогикалық кеңесінің шешімімен келесі сыныпқа көшірілмейді және жаңа оқу жылында сол параллельде (сыныпта) қалдырылады.

10.5 Осы Ережелердің 10-тарауында қарастырылмаған өзге жағдайларда оқушыны келесі сыныпқа көшіру немесе көшіруден бас тарту Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңесі және / немесе Шағын педагогикалық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

11 Аттестаттарды, сертификаттарды, мақтау қағаздарын, анықтамаларды беру тәртібі

11.1 NIS-Programme бойынша негізгі және жоғары мектептің оқу бағдарламасын меңгерген және ДББҰ құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте сыртқы жиынтық бағалаудан өткен оқушыға, осы Ережелерде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, сәйкесінше негізгі және жоғары мектепті аяқтағаны туралы аттестат беріледі.

11.2 NIS-Programme бойынша негізгі мектептің оқу бағдарламасын меңгерген, ДББҰ құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте сыртқы жиынтық бағалаудан өткен және 5 (6)-сыныптан бастап 10-сыныпты қоса алғандағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5 (өте жақсы)» болған оқушыларға, ДББҰ беретін білім туралы құжаттардың бірыңғай нысанын реттейтін құқықтық актілерге сәйкес, негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестат беріледі.

11.3 NIS-Programme бойынша жоғары мектептің оқу бағдарламасын меңгерген, ДББҰ құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте сыртқы жиынтық бағалаудан өткен, жоғары мектепті бітіру туралы аттестат қосымшасына енгізілетін пәндер бойынша бағалары «5 (өте жақсы)», сондай-ақ 11–12-сыныптар аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5 (өте жақсы)» болған оқушыларға, ДББҰ беретін білім туралы құжаттардың бірыңғай нысанын реттейтін құқықтық актілерге сәйкес, жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат беріледі.

11.4 Оқушыларға білім беру саласындағы уәкілетті орган беретін «Алтын белгі» белгісі және «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғаларға берілетін жоғары мектеп аттестаты (бұдан әрі – «Алтын белгі» жоғары мектеп аттестаты) ДББҰ-дағы білім туралы құжаттардың бірыңғай нысанын реттейтін құқықтық актілерге сәйкес келесі талаптардың барлығына сай келген жағдайда беріледі:

- 1) негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестаты бар оқушы;
- 2) NIS-Programme бойынша жоғары мектептің оқу бағдарламасын меңгерген оқушы;
- 3) жоғары мектепте ДББҰ құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте сыртқы жиынтық бағалаудан «А*», «А» немесе «5 (өте жақсы)» бағаларын алған оқушы.
- 4) 5 (6)-сыныптан бастап 12-сыныпқа дейінгі оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5 (өте жақсы)» болған оқушы;
- 5) 11-сыныптан бастап 12-сыныпқа дейінгі оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары «5 (өте жақсы)» болған (сырттай оқу нысанында оқыған және / немесе академиялық демалыста болған, сол себепті тоқсандық бағалары жоқ оқушыларды қоспағанда) оқушы.

11.5 Оқушыға негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестатын, жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестатын және «Алтын белгі» белгісін беру туралы шешім шығарарда NIS-Programme бойынша 6-сыныптан оқитын оқушы үшін 5-сыныптағы жылдық және қорытынды бағалар есепке алынбайды.

11.6 NIS-Programme оқу бағдарламасының меңгерілуі пәндердің NIS-Programme (немесе Зияткерлік мектептің Әдістемелік кеңесінің шешімі негізінде мазмұны ұқсас бағдарлама), ДББҰ үлгілік оқу жоспары және / немесе Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқытылуымен және ағымдағы оқу жылының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептің жылдық, қорытынды бағалары, «Есептелінді» оқу нәтижелерінің міндетті түрде болуымен расталады.

11.7 Зияткерлік мектептер ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін ДББҰ-ға оқушылар туралы мәліметтерді (ЖСН-і, тегі, аты, әкесінің аты, Зияткерлік мектептің атауы, оқыту тілі) және жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатын, жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестатын, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылардың тізімін бекіту туралы мектептің Педагогикалық кеңесі және / немесе Шағын педагогикалық кеңесі хаттамасынан үзінді ұсынады.

11.8 Негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестат, жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат, жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестаты, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылардың осы Ережелердің талаптарына сәйкестігін тексеру үшін Зияткерлік мектептерде комиссия (бұдан әрі – Мектеп комиссиясы) құрылады.

11.9 Мектеп комиссиясының құрамы Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

11.10 Мектеп комиссиясының төрағасы мектеп директоры немесе директордың міндетін уақытша атқарушы болады.

11.11 Мектеп комиссиясы осы Ережелердің 11-тарауының 11.2–11.6-тармақтарына сәйкес құжаттарды тексереді. Мектеп комиссиясының жұмыс нәтижесі үміткердің құжаттарын тексеру актісімен бекітіледі.

11.12 Зияткерлік мектептер жыл сайын ағымдағы жылдың 6 мамырына дейін ДББҰ-ға осы Ережелердің 11-қосымшасына сәйкес жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат, жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестаты, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылардың құжаттарын тексеруге тапсырады.

11.13 Жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат, жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестаты, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылардың осы Ережелердің талаптарына сәйкестігін тексеру үшін ДББҰ-да комиссия (бұдан әрі – ДББҰ комиссиясы) құрылады.

11.14 ДББҰ комиссиясының құрамы ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

11.15 ДББҰ комиссиясының төрағасы, кемінде үш адамнан тұратын мүшелері ДББҰ және / немесе оның филиалы және / немесе еншілес ұйымы жұмыскерлері қатарынан тағайындалады.

11.16 Жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат, жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестаты, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылар туралы Зияткерлік мектептер ұсынған деректерге сәйкес, ПӨО осы Ережелердің 11-тарауының 11.3, 11.5, 11.6 тармақтары мен 11.14-тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларына сәйкес тиісті оқу кезеңіндегі оқу нәтижелерін, бағаларды БАББО-да (Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы) тексереді.

11.17 Жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат және жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестаты, «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылардың оқу нәтижелерін, бағаларын тексеру қорытындысы бойынша ПӨО аттестаттау комиссиясы ДББҰ-ға осы Ережелердің 11-тарауының 11.3, 11.5, 11.6 тармақтары мен 11.14-тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларына сәйкес келетін оқушылар тізімін ұсынады.

11.18 ДББҰ комиссиясы үміткерлер құжаттарын осы Ережелердің 11-қосымшасына сәйкес тексереді. ДББҰ комиссиясы жұмысының нәтижелері үміткерлердің құжаттарын тексеру актісімен бекітіледі.

11.19 Негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестатты растаған оқушылардың тізімі Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

11.20 Сыртқы жиынтық бағалаудың нәтижелері жарияланғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Зияткерлік мектептер ДББҰ-ға оқушылар туралы мәліметтерді (ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты, Зияткерлік мектептің атауы, оқыту тілі, сыныбы), сонымен қатар үміткерлердің құжаттарын тексеру актісінің және мектепті үздік бітіргенін растайтын оқушылардың тізімін бекіту туралы Зияткерлік мектеп директоры бұйрығының электрондық көшірмелерін ұсынады.

11.21 ДББҰ комиссиясының тексеру актісі және жоғары мектептегі сыртқы жиынтық бағалау жөніндегі аттестаттау және апелляциялық комиссияларының шешімі (тізімдеме немесе хаттама) негізінде жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатын және жоғары мектептің «Алтын белгі» аттестатын растаған оқушылар тізімі Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

11.22 Кембридж аккредиттеген сыртқы жиынтық бағалаудан және сыртқы қорытынды бағалаудан өткен 12-сынып оқушыларына ДББҰ-ның құқықтық актілерге (осы Ережелерде қарастырылған жағдайларды қоспағанда) сәйкес төмендегілер беріледі:

- 1) жоғары мектепті бітіргені туралы аттестат;
- 2) ҰБТ сертификаты;
- 3) Сыртқы жиынтық бағалау Кембридж тарапынан аккредиттелген жағдайда NIS сертификаты. NIS сертификатында сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері әріптік шкала бойынша қойылады.

11.23 NIS сертификатына пәннің (-дердің) нәтижелері келесі жағдайларда енгізілмейді:

- 1) Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалаудан U әріптік бағасын алуы;
- 2) Оқушылардың жоғары сыныпта пәнді оқымауы немесе оны стандартты деңгейде оқуы («География» пәнін қоспағанда);
- 3) Сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен жүргізу Кембридж аккредиттеуінің талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4) Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері күшінің жойылуы.

11.24 Егер оқушының барлық пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінің күші жойылса немесе олар U әріптік бағасымен бағаланса, NIS сертификаты берілмейді.

11.25 NIS сертификатының телнұсқасы берілмейді. NIS сертификаты жоғалған жағдайда, Кембридж мектеп бітірушінің өтініші негізінде пәндері мен бағалары көрсетілген Certifying statement (Растау құжатын) шығарады.

11.26 ДББҰ-ның құқықтық актілеріне сәйкес, ПӨО әзірлеген емтихан материалдары бойынша сыртқы жиынтық бағалаудан, сыртқы қорытынды бағалаудан өткен 12-сынып оқушыларына (осы Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда) мыналар беріледі:

- 1) жоғары мектепті бітіргені туралы аттестат;
- 2) ҰБТ сертификаты.

11.27 Сыртқы жиынтық бағалау және/немесе сыртқы қорытынды бағалау бойынша академиялық адалдық ережелері мен қағидаттарын бұзушылық анықталған жағдайда, білім алушылардың осы пәндер бойынша нәтижелері қайта тапсыру құқығынсыз жойылады. Оқушылардың барлық пәндер бойынша нәтижелері ҰБТ сертификатын алуға арналған ведомостқа енгізілмейді.

11.28 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ресімделген ДКК қорытындысымен расталған денсаулық жағдайына байланысты сыртқы жиынтық бағалауға қатыспаған 10-12-сынып оқушыларына негізгі және жоғары мектепті бітіргені туралы аттестат беріледі.

11.29 Негізгі және жоғары мектепті бітіргені туралы аттестат келесі жағдайларда берілмейді:

- 1) оқушыларда негізгі мектепте немесе жоғары мектепте сыртқы жиынтық бағалау пәндері бойынша, мерзімінен бұрын аттестаттау бойынша жылдық және/немесе қорытынды бағалардың болмауы (осы Ережелерде көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Мұндай жағдайларда білім алушыларға осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес Зияткерлік мектепте негізгі немесе жоғары мектеп курсын аяқтамаған тұлғаларға арналған белгіленген үлгідегі анықтамалар беріледі;

2) оқушыларда бір немесе одан да көп пән бойынша «2 (қанағаттанарлықсыз)» деген жылдық (мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау пәндері мен сыртқы жиынтық бағалау пәндерін қоспағанда) және/немесе қорытынды бағалардың болуы;

3) академиялық демалыста болған немесе экстернат түрінде оқыған оқушыларды қоспағанда, білім алушыларда таңдау курстары және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша «Есептелді» түріндегі оқу нәтижелерінің болмауы.

11.30 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау қорытындысы бойынша оқушыларға негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестат берілмейді.

11.31 Барлық пәндер бойынша жылдық бағалары «5» болған 2-9-сынып оқушылары Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңес және / немесе Шағын педагогикалық кеңес шешімі негізінде Мақтау қағазымен марапатталады.

11.32 Барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған 11-сынып оқушылары Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңес және / немесе Шағын педагогикалық кеңес шешімі негізінде Мақтау қағазымен марапатталады.

12. Экстернат түрінде оқитын / оқыған оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәртібі

12.1 Оқушылар экстернат түрінде шет мемлекеттің оқу орнында оқымаған және/немесе оқыған, бірақ олардың мазмұны NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келмейтін пәндер бойынша, Зияткерлік мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес әр тоқсан ішінде NIS-Programme пәндері бойынша оқу бағдарламаларының тиісті тоқсанға арналған мазмұнын қамтитын үш жиынтық бағалау жүргізіледі.

12.2 Шет мемлекеттің оқу орнында оқушылардың оқу жетістіктері балдық және/немесе әріптік шкала бойынша бағаланбайтын пәндер бойынша, бекітілген кестеге сәйкес әр тоқсан ішінде NIS-Programme пәндері бойынша оқу бағдарламаларының тиісті тоқсанға арналған мазмұнын қамтитын үш жиынтық бағалау жүргізіледі.

12.3 Әр тоқсан ішінде оқушылар Зияткерлік мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, синхронды және/немесе асинхронды форматта қашықтан үш жиынтық бағалау жұмысын орындайды. Олар пәндер бойынша орындалған жазба жұмыстарды тексеру үшін пән педагогтерінің және педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың корпоративтік электрондық пошта

мекенжайларына, ал көшірмесін ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің біріне жібереді.

12.4 Шет мемлекеттің оқу орнында оқылатын пәндер бойынша оқу бағдарламаларының NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкестігі Зияткерлік мектептің Әдістемелік кеңесінің шешімімен анықталады және хаттамамен ресімделеді.

12.5 Экстернат түрінде оқитын оқушыларға арналған жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуді Зияткерлік мектеп жүзеге асырады.

12.6 Жиынтық бағалау нәтижелері осы Ережелердің 12-қосымшасына сәйкес экстернат түрінде оқитын оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелерін тіркеудің электрондық журналына (бұдан әрі – ЭТОО электрондық журналы) қойылады.

12.7 Жиынтық бағалауды қайта орындауға жол берілмейді.

12.8 Егер оқушылар шет мемлекеттің оқу орнында «Дене шынықтыру» және «Өнер» пәндерін оқымаса және/немесе оқыған, бірақ олардың мазмұны NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келмесе, үлгерім табеліне және/немесе аттестатқа (мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау кезінде) «оқылған жоқ» деп жазылады.

Шет мемлекеттің оқу орнында «Дене шынықтыру», «Өнер» пәндері оқылған жағдайда, осы пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгергенін растайтын құжаттар ұсынылған кезде, білім туралы құжатта цифрлық бес балдық шкала бойынша жылдық баға қойылады.

12.9 Оқушылардың экстернат түрінде оқуы кезеңінде Зияткерлік мектептерде тоқсандық бағалар қойылмайды.

12.10 Толық оқу жылын экстернат түрінде оқыған оқушыларға цифрлық бес балдық шкала бойынша жылдық және қорытынды бағаларды қою келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) пәндер шет мемлекеттің оқу орнында оқылған және олардың мазмұны NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келген жағдайда жылдық бағалар растайтын құжаттарда ұсынылған шет мемлекеттің оқу орындарының бағаларының (балдарының) негізінде қойылады;

2) оқушылар шет мемлекеттің оқу орындарында оқымаған және/немесе оқыған, бірақ олардың мазмұны NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келмейтін пәндер бойынша жылдық бағалар осы Ережелердің 12-қосымшасына сәйкес экстернат түрінде оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыстардың нәтижелерінің (балдарының) негізінде шкалаға сәйкес қойылады;

3) шет мемлекеттің оқу орнында оқушылардың оқу жетістіктері балдық және/немесе әріптік шкала бойынша бағаланбайтын пәндер бойынша жылдық бағалар осы Ережелердің 13-қосымшасына сәйкес экстернат түрінде оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыстардың нәтижелерінің (балдарының) негізінде шкалаға сәйкес қойылады;

4) қорытынды бағалар жылдық бағалар мен сыртқы жиынтық бағалаудан алған бағаларының 40%-ға 60% арақатынасында қойылады.

12.11 Толық емес оқу жылын экстернат түрінде оқыған оқушыларға цифрлық бес балдық шкала бойынша тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қою келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) тоқсандық бағалар Зияткерлік мектепте оқу кезеңінде БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің 50%-ға 50% пайыздық арақатынасында қойылады;

2) оқушылар шет мемлекеттің оқу орындарында оқымаған және/немесе оқыған, бірақ олардың мазмұны NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келмейтін пәндер бойынша жылдық бағалар осы Ережелердің 13-қосымшасына сәйкес экстернат нысанында оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыстардың нәтижелерінің (балдарының, бағаларының) орташа арифметикалық мәнінің және Зияткерлік мектепте оқу кезеңіндегі бағалардың (балдарының) орташа арифметикалық мәнінің сәйкесінше 40% және 60% арақатынасында қойылады.

3) шет мемлекеттің оқу орнында оқушылардың оқу жетістіктері балдық және/немесе әріптік шкала бойынша бағаланбайтын пәндер бойынша жылдық бағалар осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес экстернат түріндегі оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыстардың нәтижелерінің (балдарының, бағаларының) орташа арифметикалық мәнінің және Зияткерлік мектепте оқу кезеңіндегі бағалардың (балдарының) орташа арифметикалық мәнінің сәйкесінше 40% және 60% арақатынасында қойылады.

4) шет мемлекеттің оқу орындарында оқылған және NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келетін пәндер бойынша жылдық бағалар растайтын құжаттарда ұсынылған шет мемлекеттің оқу орындарында оқу кезеңіндегі бағалардың (балдарының) орташа арифметикалық мәнінің және Зияткерлік мектепте оқу кезеңіндегі бағалардың (балдарының) орташа арифметикалық мәнінің сәйкесінше 40% және 60% арақатынасында қойылады.

5) қорытынды бағалар жылдық бағалар мен сыртқы жиынтық бағалаудан алған бағаларының 40%-ға 60% арақатынасында қойылады.

12.12 Экстернат түрінде оқу кезеңінде пәндер бойынша жиынтық бағалау орындалмаған және/немесе уақытылы орындалмаған жағдайда оқушыларға «0 (нөл)» балл (баға) қойылады.

12.13 Жиынтық жұмыстардың және/немесе сыртқы жиынтық бағалаудың нәтижелері күші жойылған пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалар осы Ережелердің 12-тарауының 12.10, 12.11-тармақтарына сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қолда бар нәтижелерінің негізінде қойылады.

12.14 Жылдық және қорытынды бағалар жақын тұрған бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

12.15 Жылдық, қорытынды бағаларды қою, ауыстыру кезінде шет мемлекеттің оқу орындарындағы оқушылардың балдық (цифрлық бес балдық нәтижелерді қоспағанда) және/немесе әріптік нәтижелері ұсынылған растайтын құжаттардың негізінде осы Ережелердің 13-қосымшасына сәйкес цифрлық бес балдық шкалаға ауыстырылады.

13. Академиялық демалыста болған оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәртібі

13.1 Академиялық демалыста болып, Зияткерлік мектепке оқу жылы ішінде (ағымдағы немесе келесі оқу жылында) оралған оқушыларға тоқсандық бағалар осы Ережелердің 9-тарауының 9.1-9.7-тармақтарына сәйкес оқыған тиісті кезеңі үшін цифрлық бес балдық шкала бойынша қойылады.

13.2 Бір оқу жылы ішінде медициналық көрсеткіштер бойынша 2 тоқсаннан және/немесе оқу күндерінің 55%-дан астамында болмаған және академиялық демалыста болған оқушыларға жылдық және қорытынды бағалар қойылмайды.

13.3 Бір оқу жылы ішінде медициналық көрсеткіштер бойынша 2 тоқсаннан және/немесе оқу күндерінің 55%-дан астамында болмаған және академиялық демалыста болған оқушылар Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңесінің немесе Кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен сыртқы жиынтық бағалауға және/немесе сыртқы қорытынды бағалауға жіберілмейді.

13.4 Медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалыста болған және болмаған оқушыларға цифрлық бес балдық шкала бойынша жылдық бағалар (осы Ережелердің 13-тарауының 13.2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) келесі тәртіппен қойылады:

1) NIS-Programme, үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жылының екі жартыжылдығында оқытылатын пәндер бойынша Зияткерлік мектепте оқыған тиісті кезең үшін тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні негізінде қойылады;

2) NIS-Programme, үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жылының бір жартыжылдығында оқытылатын пәндер бойынша екі тоқсандық бағаның орташа арифметикалық мәні негізінде қойылады; оқушыларда бір және/немесе екі тоқсанда бағалар болмаған жағдайда, академиялық демалыстан шыққаннан кейін үш ай ішінде, Зияткерлік мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес әр пән бойынша NIS-Programme оқу бағдарламасының екі тоқсандағы мазмұнын қамтитын бір жиынтық бағалау өткізіледі, соның негізінде жылдық баға (100 %) қойылады. Жиынтық бағалауды қайта орындауға (қайта жазуға) жол берілмейді;

3) жылдық бағалар жақын тұрған бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

13.5 Академиялық демалыста болған оқушыларға цифрлық бес балдық шкала бойынша қорытынды бағалар осы Ережелердің 9-тарауының 9.12–9.17-тармақтары негізінде қойылады.

13.6 Академиялық демалыста болу кезеңінде медициналық ұйымдар жанындағы мектептерде, шипажайлық мектеп-интернаттарда, оңалту, сауықтыру-қалпына келтіру мекемелерінде (бұдан әрі – медициналық ұйымдар жанындағы мектептер) оқыған оқушылардың нәтижелері олар оқу бағдарламаларын меңгергенін растайтын құжаттарды (үлгерім табелі немесе басқа құжаттар) ұсынған жағдайда және медициналық ұйымдарда оқыған пәндер бойынша оқу бағдарламаларының NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкестігі болған жағдайда жылдық, қорытынды бағаны қою кезінде ескеріледі; цифрлық бес балдық шкала бойынша жылдық бағалар Зияткерлік мектепте және медициналық ұйымдар жанындағы мектептерде оқыған тиісті кезең үшін тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні негізінде қойылады; қорытынды бағалар осы Ережелердің 9-тарауының 9.12–9.17-тармақтары негізінде қойылады.

Жылдық бағалар жақын тұрған бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

13.7 Медициналық ұйымдар жанындағы мектептерде оқыған пәндер бойынша оқу бағдарламаларының NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкестігі Зияткерлік мектептің Әдістемелік кеңесінің шешімімен анықталады және хаттамамен ресімделеді.

13.8 Медициналық ұйымдар жанындағы мектептерде оқушылар оқымаған және/немесе оқыған, бірақ олардың мазмұны NIS-Programme оқу бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келмейтін пәндер бойынша жылдық және/немесе қорытынды бағалар осы Ережелердің 13-тарауының 13.2-13.5-тармақтары негізінде қойылады немесе қойылмайды.

14. Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

14.1 Зияткерлік мектептерде кемінде екі толық оқу жылы білім алған, 9-сыныпты аяқтаған және басқа орта білім беру ұйымына ауысқысы келетін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына түсетін, сондай-ақ оқу үшін шетелге немесе тұрақты тұруға шетелге шығатын оқушылар мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберіледі.

14.2 10-сынып оқушылары мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға жіберілмейді.

14.3 Оқушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің бірі ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейін осы Ережелердің 14-қосымшасына сәйкес мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру туралы Зияткерлік мектеп директорының атына өтініш береді.

14.4 Оқушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің бірінен тиісті өтініш болған кезде Зияткерлік мектептердің Педагогикалық

кеңесі және/немесе Кіші педагогикалық кеңесі мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға жіберу және мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау нәтижелерін ескере отырып, негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы шешім қабылдайды.

14.5 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау пәндері бойынша жылдық «2 (қанағаттанарлықсыз)» бағасы бар оқушылар мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды тапсыруға жіберіледі.

14.6 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау өткізілмейтін пәндер бойынша жылдық «2 (қанағаттанарлықсыз)» бағасы бар оқушылар мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды тапсыруға жіберілмейді.

14.7 Зияткерлік мектептер мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға жіберілген оқушылардың саны туралы ақпаратты ағымдағы жылдың 5 маусымынан кешіктірмей ДББҰ-ға жібереді.

14.8 Зияткерлік мектептің директоры Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңесінің және/немесе Кіші педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде Зияткерлік мектепте мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу туралы, пәндер тізбесін, формасын, мерзімдері мен уақытын көрсете отырып бұйрық шығарады.

14.9 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттаудың пәндер тізбесі мен формасы осы Ережелердің 15-қосымшасына сәйкес айқындалады.

14.10 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын дайындауды ПӨО директоры бекіткен тест спецификациялары негізінде ПӨО жүзеге асырады.

14.11 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу үшін Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен емтихан және аттестаттау комиссиялары құрылады.

14.12 Емтихан және аттестаттау комиссиясының төрағасы Зияткерлік мектептің директоры болып табылады. Директор болмаған жағдайда емтихан және аттестаттау комиссиясының төрағасы болып директордың орынбасары тағайындалады. Әрбір пән бойынша аттестаттау комиссиясы кемінде үш адамнан тұруы тиіс.

14.13 Зияткерлік мектептен таңдалған пәндер, мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға жіберілген оқушылар саны туралы ақпаратты алғаннан кейін ПӨО екі жұмыс күні ішінде электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Зияткерлік мектептерге құпия сөзбен қорғалған емтихан материалдарының электрондық нұсқасын жібереді. Емтихан материалдарына арналған құпия сөздер емтихан комиссиясы төрағасының электрондық мекенжайына корпоративтік пошта арқылы жіберіледі.

14.14 Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңінде растайтын құжаттар (ДКК қорытындысы, МӘС қорытындысы немесе мамандандырылған медициналық ұйымдардың анықтамасы) болған кезде осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес ерекше жағдайлардың түрлері ұсынылады.

14.15 Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін ерекше жағдайлар түрін қолдану Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

14.16 Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін ерекше жағдайларды қамтамасыз ету басқа оқушылардың алдында негізсіз артықшылық бермеуі тиіс.

14.17 Әрбір пән бойынша мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының мүшелері Зияткерлік мектеп базасында балл қою кестесіне және/немесе бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың емтихан жұмыстарын тексереді.

14.18 Оқушылардың емтихан жұмыстарын тексеру аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясы цифрлық бес балдық шкала бойынша бағаларды қояды және оларды осы Ережелердің 16-қосымшасына сәйкес форма бойынша мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау хаттамасына енгізеді. Хаттамаға аттестаттау комиссиясының барлық мүшелері, соның ішінде Төраға қол қояды.

14.19 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін нәтижелер екі жұмыс күні ішінде жарияланады.

14.20 Цифрлық бес балдық шкала бойынша қорытынды баға Зияткерлік мектепте оқыған тиісті кезеңдегі тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәнінің және мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау бағасының сәйкесінше 60 % және 40 % пайыздық арақатынасында қойылады. Қорытынды бағалар жуық бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

14.21 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау пәндері бойынша тексеру нәтижелері апелляцияға жатпайды.

14.22 Қорытынды бағалар негізгі мектепті бітіргені туралы аттестаттың қосымшасына енгізіледі.

14.23 Пән(-дер) бойынша қорытынды «2 (қанағаттанарлықсыз)» бағасын алған оқушылар мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жіберіледі.

14.24 Қайта мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын ПӨО директоры бекітетін тест спецификациялары негізінде Зияткерлік мектептер әзірлейді.

14.25 Пән(-дер) бойынша қорытынды «2 (қанағаттанарлықсыз)» бағасын қайта алған оқушыларға ағымдағы оқу жылы үшін үлгерім табелі беріледі.

14.26 Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау бойынша ДББҰ-ның академиялық адалдық қағидалары мен принциптері бұзылған жағдайда осы Ережелердің 17-қосымшасына сәйкес тәртіп бұзушылық туралы форма толтырылады және осы Ережелердің 18-қосымшасына сәйкес тәртіп бұзушылықтарды қарау жөніндегі хаттама ресімделеді. Академиялық адалдық бұзылған себебінен күші жойылған мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау нәтижелері қайта тапсыруға жатпайды.

14.27 Нәтижелері күші жойылған пән(-дер) бойынша оқушыларға ағымдағы оқу жылы үшін үлгерім табелі беріледі.

15. Мониторинг

15.1 Мониторингті әрбір оқушының жеке оқу траекториясын түзету үшін білім деңгейі және/немесе қалыптасқан дағдылары туралы ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және динамикада ұсыну мақсатында ПӨО өткізеді.

15.2 Зияткерлік мектептер, оқу параллельдері, пәндер тізбесі, мониторингті өткізу мерзімдері ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

15.3 Мониторинг тапсырмаларын ПӨО әзірлейді.

15.4 Мониторинг ДББҰ оқушыларын бағалауды реттейтін құқықтық актілерге және нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес өткізіледі.

15.5 Мониторингті өткізу қорытындылары бойынша ПӨО Зияткерлік мектептерге нәтижелері бар есептерді ұсынады.

15.6 Мониторинг нәтижелері КБ электрондық журналына қойылмайды және тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қою кезінде ескерілмейді.

16. ОФСҚДАТ

16.1 ОФСҚДАТ-ты 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейі және олардың оқу білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті туралы объективті ақпаратты жинау, өңдеу және ұсыну мақсатында ПӨО өткізеді.

16.2 Зияткерлік мектептер, функционалдық сауаттылық түрлері, ОФСҚДАТ өткізу мерзімдері ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

16.3 ОФСҚДАТ тапсырмаларын ПӨО әзірлейді.

16.4 ОФСҚДАТ ДББҰ оқушыларын бағалауды реттейтін құқықтық актілерге және нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес өткізіледі.

16.5 ОФСҚДАТ өткізу қорытындылары бойынша ПӨО Зияткерлік мектептерге нәтижелері бар есептерді ұсынады.

16.6 ОФСҚДАТ нәтижелері КБ электрондық журналына қойылмайды және тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қою кезінде ескерілмейді.

17. Когнитивті емес дағдыларды бағалау

17.1 Зияткерлік мектеп оқушыларының когнитивті емес дағдыларын бағалауды жеке, әлеуметтік, эмоционалды және академиялық дағдыларының қалыптасуы туралы өзекті ақпарат алу, сондай-ақ оқушыларды жан-жақты

дамыту үшін барлық мүдделі тараптарға ұсыныстар беру мақсатында ПӨО өткізеді.

17.2 Зияткерлік мектептер, оқу параллельдері, когнитивті емес дағдыларды бағалауды өткізу мерзімдері ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

17.3 Оқушылардың когнитивті емес дағдыларын бағалау ДББҰ оқушыларын бағалауды реттейтін құқықтық актілерге және нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

17.4 Когнитивті емес дағдыларды бағалауды өткізу қорытындылары бойынша ПӨО Зияткерлік мектептерге нәтижелері бар есептерді ұсынады.

17.5 Когнитивті емес дағдыларды бағалау нәтижелері КБ электрондық журналына қойылмайды және тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қою кезінде ескерілмейді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 1-қосымша

Форма

Тоқсандық жиынтық бағалауға модерация өткізу бойынша отырыстың хаттамасы

Зияткерлік мектеп атауы:		
Пән:		
Сынып:	Тоқсан:	Оқу жылы:

Модерацияға дейінгі балл	Модерациядан кейінгі балл	Шешімнің негіздемесі

Модерацияда қарау нәтижелері бойынша модерацияға қатысушылар (модерация жөніндегі отырыстың төрағасы және пән бойынша педагогтер) ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Модерацияға қатысушылардың ерекше пікірлері

Модерация төрағасы	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)
Модерацияға қатысушылар/ пән бойынша педагогтер:	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)
_____	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)
_____	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)
_____	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)

Хаттаманың жасалған күні: «_____» _____ 20____ жыл

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 2-қосымша

**Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға арналған
 ерекше жағдайлардың түрлері***

- 1) **қосымша уақыт:** жұмысты аяқтау үшін әрбір оқушыға берілетін қосымша уақыттың пайызы бағалау жүргізу уақытының 25% - на дейінгі уақытты құрауы мүмкін, ол көру қабілетінің бұзылуы (зағип, нашар көретін), есту қабілетінің бұзылуы (естімейтін, нашар еститін), тірек-қимыл аппаратының бұзылуы және инсулинге тәуелді қант диабетімен ауыратын оқушыларға беріледі;
- 2) **оқып берушінің көмегі:** көру қабілетінің уақытша бұзылуы немесе тұрақты көрмеуі жағдайында оқушыға тапсырмаларды оқып беретін жауапты адам;
- 3) **жазып берушінің көмегі:** физикалық тұрғыдан жұмысқа жарамсыздық немесе жақында алған жарақаты бар оқушы үшін оның жауаптарын жазатын жауапты адам;
- 4) **нұсқаушы:** оқушының зейінін тапсырмаларға шоғырлану және оның сұрақтарға жауап беруге көңіл аудартып отыратын жауапты адам. Нұсқаушы көмегі зейініне әсер ететін неврологиялық және танымдық ауытқулары бар, бір ойға қайта келе беретін синдромы бар, келесі тапсырмаға көше алмай, бір сұрақта тоқтап қалатын оқушыларға рұқсат етіледі;
- 5) **бақыланатын демалыс үзілісі:** ерекше қажеттіліктері бар оқушының демалуы үшін бағалауды тоқтата тұру. Бұл уақыт бағалау ұзақтығына кірмейді;
- 6) **практикалық ассистент:** физикалық мүмкіндіктері тапсырманың практикалық бөлігін өз бетінше орындауға мүмкіндік бермейтін оқушының нұсқаулары бойынша практикалық жұмысты орындайтын жауапты адам;
- 7) **жеке кезекшілік:** ерекше қажеттіліктері бар оқушылар өзінің қатысуымен басқа оқушылардың алаңдаушылығын болдырмау үшін қолжетімді жағдайлары бар жеке кабинетте, кезекшімен бірге ұйымдастырылады;
- 8) **дауыстап оқу:** ерекше қажеттіліктері бар оқушыға деректерді, сұрақтарды дауыстап оқуға рұқсат етіледі. Ол үшін жеке кезекшілік қажет;
- 9) **үлкейткіш әйнекті (лупаны) қолдану:** ерекше қажеттіліктері бар оқушыға визуалды қабылдау қиындықтарын жеңу үшін лупаны пайдалануға рұқсат етіледі;
- 10) **түстердің атауы:** түсті айыра алмайтын (дальтонизм) оқушылар кезекшіден түстердің атауын сұрауына болады.

** Жиынтық бағалау және/немесе мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау жүргізу кезінде оқушыларға ерекше жағдайлардың бірнеше түрі берілуі мүмкін.*

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
3-қосымша

**Зияткерлік мектебінің негізгі мектеп /жоғары мектеп курсы аяқтамаған тұлғаларға
берілетін анықтама**

№ _____ анықтама

Анықтама
берілді.

(оқушының тегі, аты-жөні)

Ол «___» _____ 20__ жылдан «___» _____ 20__ жылға дейін

(Мектептің толық атауы)

оқыды.

(сынып (-тар), оқыту тілі)

кезінде

(оқушының тегі, аты-жөні)

оқу

келесі оқу пәндерін оқыды, сыртқы жиынтық бағалауды / сыртқы қорытынды бағалауды /
мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды тапсырды, жылдық, емтихан және қорытынды
бағаларды төменде көрсетілген қосымшаға сәйкес алды:
курс үшін _____

білім деңгейі _____

Зияткерлік мектеп директоры: _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі _____ Берілген күні «___» _____ 20__ ж. 20__ г.

Зияткерлік мектебінің негізгі мектеп/жоғары мектеп курсын аяқтамаған тұлғаларға
берілетін анықтамаға қосымша

Ретті к№	Оқу пәндерінің атауы	Негізгі немесе жоғары мектептегі сағат саны		*Жылд ық баға	Сыртқы жиынтық бағалау / сыртқы қорытынды бағалау / мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау бойынша баға	*Қоры тынды баға
		NIS-Programme білім бағдарламасы бойынша	Оқушы тыңдады			

* жылдық бағаны және қорытынды бағаны қою кезінде сыртқы қорытынды бағалау бойынша бағалар ескерілмейді.

Анықтаманы беру негіздемесі

(бұйрықтың күні мен нөмірі)

Зияткерлік

мектеп

директоры

(тегі, аты-жөні, қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі _____ Берілген күні «__» _____ 20__ ж.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 4-қосымша

 (Мектептің толық атауы)

 директоры

 (директордың тегі, аты-жөні)

 (оқушының заңды өкілінің тегі, аты-жөні)

тұрғылықты

мекенжайы:

 телефон:

Өтініш

Мен,

 сізден

(оқушының заңды өкілінің тегі, аты-жөні)

менің қызым (ұлым) «__» сынып оқушысы

 (оқушының тегі, аты-жөні)

 (пәндердің атауы)

таңдау пәндері бойынша сыртқы жиынтық ұйымдастыруды сұраймын.

Қолы _____

Өтініш беру мерзімі «__» _____20__ж.

Таныстым _____
 (оқушының тегі, аты-жөні және қолы)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
5-қосымша

(Мектептің толық атауы)

директоры

(директордың тегі, аты-жөні)

(оқушының заңды өкілінің тегі, аты-жөні)

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ

мекенжайы:

телефон:

Өтініш

Мен,

сізден

(оқушының заңды өкілінің тегі, аты-жөні)

менің қызым (ұлым) «__» сынып оқушысы

(оқушының тегі, аты-жөні)

пәндер бойынша алдағы уақытта нәтижелерді ҰБТ Сертификатына енгізу мүмкіндігі үшін сыртқы қорытынды бағалау ұйымдастыруды сұраймын.

Қолы _____

Өтініш беру мерзімі «_____» _____ 20____ ж.

Таныстым _____
(оқушының тегі, аты-жөні және қолы)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
6-қосымша

IELTS және TOEFL IBT/Internet-based Test халықаралық емтихандарының нәтижелерін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу нәтижелерін сыртқы бағалау нәтижелеріне айналдыру шкаласы

IELTS халықаралық емтиханының балы	TOEFL IBT/Internet-based Test балдары	Сыртқы бағалау балдары
6,5 және одан жоғары	79 және одан жоғары	A*
6,0	60-78	A
5,5	46-59	B
5,0	35-45	C
4,5	32-34	D
4,0	30-31	E
3,5 және одан төмен	29 және одан төмен	U

Сыртқы жиынтық бағалаудың, сыртқы қорытынды бағалаудың әріптік бағаларын цифрлық бес балдық шкалаға аудару шкаласы

Сыртқы жиынтық бағалаудың, сыртқы қорытынды бағалаудың әріптік бағасы	Цифрлық бес балдық шкала бойынша баға
A*	5
A	
B	4
C	
D	3
E	
U (аттестатталмады)	2

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 7-қосымша

Тоқсандық және сыртқы жиынтық бағалау бағаларының орташа арифметикалық мәнінің пайыздық қатынасы

Үлес салмағы	2025-2026 оқу жылы			2026-2027 оқу жылы			2027-2028 оқу жылы*		
	10- сынып	11- сынып	12- сынып	10- сынып	11- сынып	12- сынып	10- сынып	11- сынып	12- сынып
Тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні, %	60	70	70	60	60	70	60	60	60
Сыртқы жиынтық бағалау бағасы, %	40	30	30	40	40	30	40	40	40

* 2027–2028 оқу жылынан бастап 10–12-сыныптардағы қорытынды бағалар тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні мен сыртқы жиынтық бағалаудың 60% бен 40% арақатынасында қойылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 8-қосымша

**Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұнын цифрлық бес балдық
 шкалаға аудару шкаласы**

Жиынтық бағалау балының пайыздық мазмұны	Цифрлық бес балдық шкала бойынша баға
0%-39%	«2 (қанағаттанарлықсыз)»
40%-64%	«3 (қанағаттанарлық)»
65%-84%	«4 (жақсы)»
85%-100%	«5 (өте жақсы)»

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
9-қосымша

Оқушылардың үлгерімін есепке алудың жиынтық ведомосы

(Мектептің толық атауы)

20__– 20__ оқу жылы

Сынып: ____

Педагог-ұйымдастырушы-куратордың ЖСН-і:	Педагог-ұйымдастырушы-куратордың ТАЖ:
--	--

Ретт ік №	Оқушын ың ЖСН-і	Оқушын ың аты- жөні	Оқу жылының кезеңі	Пәндер және оқу нәтижесі									
1			1-тоқсан										
			2-тоқсан										
			3-тоқсан										
			4-тоқсан										
			Жылдық баға										
			Сыртқы жиынтық бағалау / мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау бағасы										
			Қорытынды баға										

Зияткерлік мектеп директоры	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)
Зияткерлік мектеп директорының орынбасары	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)
Педагог-ұйымдастырушы-куратор	_____ (қолы)	_____ (Т.А.Ж.)

Мерзімі «____» _____ 20__ жыл

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
10- қосымша

Баға қою механизмі

1. Тоқсандық баға қою

Тоқсандық бағалар БЖБ және ТЖБ қорытындысы арқылы жинақталады.
Тоқсандық бағаның есебі төмендегі формула бойынша шығарылады:

$$\text{Тоқсандық баға} = \frac{\text{БЖБ нақты балл жиынтығы}}{\text{БЖБ максималды балл жиынтығы}} * 0,5 + \frac{\text{ТЖБ нақты балы}}{\text{ТЖБ макс.балы}} * 0,5$$

Тоқсандық бағаны есептеу үлгісі

№	Жиынтық бағалау	Оқушының нақты балы	Максималды балл	Болжам баға	Арақаты насы, %	Балдың пайыздық мазмұны
1	1-БЖБ	8	12	3-4	50%	35,3%
2	2-БЖБ	5	10	3-4		
3	3-БЖБ	11	12	5		
4	ТЖБ	15	20	—	50%	37,5%
Барлығы						72,8

72,8% баллдың пайыздық мөлшері ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді, бұл **73%-ды** құрайды.

Осы Ережелердің 8-қосымшасында келтірілген жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұнын цифрлық бес балдық шкалаға аудару шкаласына сәйкес 73 % «4» бағасына сәйкес келеді.

Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін пәндерден тоқсандық жиынтық бағалау бойынша қойылатын баға (оқытылатын пән бойынша оқу жылының соңғы тоқсанын қоспағанда) БЖБ мен ТЖБ нәтижелерінен құралады. Оқу жылында өткізілген пән бойынша соңғы тоқсанға қойылатын баға БЖБ нәтижелерінен құралады.

Тоқсандық бағаның есебі төмендегі формула бойынша шығарылады:

$$\text{Тоқсандық баға} = \frac{\text{БЖБ нақты балл жиынтығы}}{\text{БЖБ максималды балл жиынтығы}} * 1$$

10-сынып оқушысына "Математика" пәнінен 4-тоқсанға қойылатын тоқсандық бағаны есептеу мысалы:

№	Жиынтық бағалау	Оқушылар балы	Максималды балл	Болжам баға	Арақаты насы, %	Балдың пайыздық мазмұны
1	1-БЖБ	8	12	3-4	100%	70,6%
2	2-БЖБ	5	10	3-4		
3	3-БЖБ	11	12	5		
Итого						70,6

70,6% баллдың пайыздық мөлшері ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді, бұл 71%-ды құрайды.

Осы Ережелердің 8-қосымшасында келтірілген жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұнын цифрлық бес балдық шкалаға аудару шкаласына сәйкес 71 % «4» бағасына сәйкес келеді.

2. Жылдық бағаның қойылуы

Оқушылардың жылдық бағасы осы Ережелерде айқындалған өзге жағдайларды қоспағанда, ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектелген тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

Жылдық баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Жылдық баға} = \frac{1\text{-тоқ. бағасы} + 2\text{-тоқ. бағасы} + 3\text{-тоқ. бағасы} + 4\text{-тоқ. бағасы}}{4}$$

Төменде жылдық бағаны есептеу үлгісі келтірілген.
Оқушының тоқсандық бағалары: 5, 4, 3, 2.

$$\text{Жылдық баға} = \frac{5 + 4 + 3 + 2}{4} = 3,5$$

Жылдық баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенгенде 4-ке тең.

3. Қорытынды бағаның қойылуы

10–12-сынып оқушыларына қорытынды баға цифрлық бес балдық шкала бойынша осы Ережелердің 7-қосымшасына сәйкес пайыздық арақатынаста тоқсандық бағалардың және сыртқы жиынтық бағалаудан алған бағасының арифметикалық орта мәні негізінде қойылады.

Тоқсандық бағалаудың орташа арифметикалық мәні мен сыртқы жиынтық бағалаудың **60% - дан 40% - ға қатынасы негізінде** қорытынды бағаны қою келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\begin{aligned} \text{Қорытынды баға} = & \frac{1\text{-тоқ.бағасы} + 2\text{-тоқ.бағасы} + 3\text{-тоқ.бағасы} + 4\text{-тоқ.бағасы}}{4} \times 0,6 + \\ & + \text{Сыртқы жиынтық бағалаудың бағасы} \times 0,4 \end{aligned}$$

Осындай есеп бойынша тоқсандық бағалардың үлесі:

Тоқсандық баға	Есеп (15%)	Үлес
5	$5 * 0,15$	0,75
4	$4 * 0,15$	0,6
3	$3 * 0,15$	0,45
2	$2 * 0,15$	0,3

Осындай есеп бойынша сыртқы жиынтық бағалауға қойылатын бағаларының үлесі:

Сыртқы жиынтық бағалау бағасы	Есеп (40%)	Үлес
5	$5 * 0,4$	2
4	$4 * 0,4$	1,6
3	$3 * 0,4$	1,2
2	$2 * 0,4$	0,8

Төменде қорытынды бағаны есептеу үлгісі келтірілген.

Оқушының тоқсандық бағалары: 4, 4, 3, 3

Сыртқы жиынтық бағалау бойынша бағасы: 4

$$\text{Қорытынды баға: } \frac{4 + 4 + 3 + 3}{4} \times 0,6 + 4 \times 0,4 = 2,1 + 1,6 = 3,7$$

Қорытынды баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенгенде 4-ке тең.

Тоқсандық бағалаудың орташа арифметикалық мәні мен сыртқы жиынтық бағалаудың **70% - дан 30% - ға дейінгі арақатынасы кезінде** қорытынды бағаны қою келесідей формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Қорытынды баға} = \frac{1-\text{тоқ.бағасы}+2-\text{тоқ.бағасы}+3-\text{тоқ.бағасы}+4-\text{тоқ.бағасы}}{4} \times 0,7 + \\ + \text{Сыртқы жиынтық бағалаудың бағасы} \times 0,3$$

Осындай есеп бойынша тоқсандық бағалардың үлесі:

Тоқсандық баға	Есеп (17,5%)	Үлесі
5	$5 * 0,175$	0,875
4	$4 * 0,175$	0,7
3	$3 * 0,175$	0,525
2	$2 * 0,175$	0,35

Осындай есеп бойынша сыртқы жиынтық бағалауға қойылатын бағаларының үлесі:

Сыртқы жиынтық бағалау бағасы	Есеп (30%)	Үлес
5	$5 * 0,3$	1,5
4	$4 * 0,3$	1,2
3	$3 * 0,3$	0,9
2	$2 * 0,3$	0,6

Төменде қорытынды бағаны есептеу үлгісі келтірілген.

Оқушының тоқсандық бағалары: 4, 4, 3, 3

Сыртқы жиынтық бағалау бойынша бағасы: 4

$$\text{Қорытынды баға: } \frac{4 + 4 + 3 + 3}{4} \times 0,7 + 4 \times 0,3 = 2,45 + 1,2 = 3,65$$

Қорытынды баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенгенде 4-ке тең.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
11-қосымша

Жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатты, жоғары мектепті бітіргені туралы «Алтын белгі» аттестатын және «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылардың құжаттар тізімі*

1. Оқушының жеке куәлігінің көшірмесі немесе туу туралы куәлік.

2. Зияткерлік мектептердің мөрімен расталған үлгерім табельдері:

- жоғары мектепті бітіргені туралы «Алтын белгі» аттестатын және «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер оқушылар үшін 5(6)-сыныптан 12-сыныпқа дейін;
- жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатқа үміткер оқушылар үшін 11-12-сыныптардың табелі.

3. Зияткерлік мектептердің мөрімен куәландырылған негізгі мектепті бітіргені туралы аттестаттардың немесе негізгі орта білім туралы аттестаттың немесе негізгі орта білім туралы үздік аттестаттың көшірмелері.

4. Жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатына, жоғары мектепті бітіргені туралы «Алтын белгі» аттестатына және «Алтын белгі» белгісін алуға үміткер әрбір оқушының құжаттары мен материалдарын тексеру қорытындысы бойынша мектеп комиссиялары актілерінің көшірмелері.

5. Зияткерлік мектеп директорларының бұйрықтарының көшірмелері:

- оқушыларды «дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтан босату;
- оқушыларды экстернат түрінде оқыту;
- оқушылардың академиялық демалыста болуы.

* Оқушылардың құжаттары әрбір оқушыға құжаттардың салыну тәртібі көрсетілген титулдық парағы мен тізімдемесі бар жеке папкада ұсынылады.

(Мектептің толық атауы)

Оқушының аты-жөні: _____

СЫНЫП:

Оқу тілі:

[illegible]

**** жиынтық жұмыстардың нәтижелері осы Ережелердің 12-тарауының тармақтарына сәйкес есептеледі.**

(ҚОЛЫ)

(Т,А.Ж.)

(ҚОЛЫ)

(Т,А.Ж.)

MO

« » 20 ж.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 13-қосымша

**Экстернат түрінде оқыған оқушылардың әріптік бағалары мен балдарын
 цифрлық бес балдық шкалаға ауыстыру шкаласы**

Әріптік бағалары	Балдардың пайыздық мазмұны, соның ішінде жиынтық бағалау бойынша	Цифрлық бес балдық шкала бойынша баға
A*, A+, A, A-, A1, A2	85%-100%	«5 (өте жақсы)»
B+, B, B-, B3, B4, C+, C, C, C5, C6	65%-84%	«4 (жақсы)»
D+, D, D-, D7, E	40%-64%	«3 (қанағаттанарлық)»
E8, F, F9, U	0%-39%	«2 (қанағаттанарлықсыз)»

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
14- қосымша

(Мектептің толық атауы)

директоры

(директордың тегі, аты-жөні)

(оқушының заңды өкілінің тегі, аты-жөні)

тұрғылықты

мекенжайы:

телефон:

ӨТІНІШ

Мен, _____,
_____ сыныптың _____ оқу тілінде оқитын _____
, _____ ЖСН _____

оқушысының заңды өкілі ретінде, келесі себептерге байланысты мерзімінен бұрын
қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруыңызды сұраймын:

1. міндетті пәндер бойынша _____;
 2. таңдау пәні бойынша _____;
- басқа орта білім беру ұйымына ауысуына / техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымына түсуіне / оқу үшін шетелге кетуіне / тұрақты тұруға шетелге кетуіне
байланысты (көрсетілген себептердің бірінің астын сызу қажет).

Осы өтінішіммен «Өркен» білім беру грантынан бас тартатынымды растаймын
(оқушы Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты негізінде білім
алған жағдайда).

Зияткерлік мектепке қатысты шағымым жоқ.

Қолы _____

Өтініш берілген күні « ____ » _____ 20____ ж.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 15- қосымша

**Оқушыларды мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға арналған пәндер тізімі
 мен формасы**

№	Пәндер*	Өткізілу формасы	Пәннің таңдамалылығы
1	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) немесе Русский язык и литература (Я1)**	Жазбаша	Міндетті
2	Математика	Жазбаша	Міндетті
3	Қазақстан тарихы	Ауызша	Міндетті
4	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) немесе Русский язык и литература (Я2)**	Ауызша	Міндетті
5	Биология, Химия, Физика, Информатика	Жазбаша	Таңдау бойынша

*Оқушылар 4 міндетті және таңдау бойынша 4 пәннің ішінен 1 пән тапсырады.

**оқу тіліне байланысты.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларын
бағалау Ережелеріне
16- қосымша

**_____ пәні бойынша мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау
ХАТТАМАСЫ**

(Мектептің толық атауы)

Аттестаттау комиссиясы төрағасының Т.А.Ә.

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің Т.А.Ә.

№	Оқушының Т.А.Ә.	Тақырыбы / нұсқаның / билеттің №	Цифрлық бес балдық шкала бойынша Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау бағасы	Бүтін санға дейін дөңгелекте нбеген тоқсандық бағалардың орташа арифметик алық мәні	Бағалар үлесі		Цифрлық бес балдық шкала бойынша қорытынды баға (санмен және жазбаша)
					Бүтін санға дейін дөңгелектенб еген тоқсандық бағалардың орташа арифметикал ық мәні (макс. 3 балл)	Мерзіміне н бұрын қорытынды ы аттестатта у бағасы (макс. 2 балл)	

Аттестаттау комиссиясы төрағасы мен мүшелерінің оқушы жауабының бағалары туралы ерекше пікірлері:

Аттестаттау комиссиясы төрағасы	_____	_____
	(қолы)	(Т.А.Ә.)
Аттестаттау комиссиясы мүшелері:		
_____	_____	_____
	(қолы)	(Т.А.Ә.)
_____	_____	_____
	(қолы)	(Т.А.Ә.)
...	_____	_____
	(қолы)	(Т.А.Ә.)

Хаттама толтырылған күн: «_____» _____ 20 жыл

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 17- қосымша

**Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша тәртіп
 бұзушылықтарды тіркеу формасы**

(Мектептің толық атауы)

Оқушының (үміткердің) Т.А.Ә:	Тәртіп бұзушылық жасалған күн:
Сынып:	Тәртіп бұзушылық жасалған уақыт:
Пән:	

№	Тәртіп бұзушылық түрлері	Тәртіп бұзушылықты белгілеу үшін ✓ таңбасын қолданыңыз.
1	Оқушылардың бір-бірімен сөйлесуі	
2	Оқушылардың орнын ауыстыруы	
3	Оқушылардың мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау материалдарымен алмасуы	
4	Оқушылардың бір-бірінен көшіруі	
5	Оқушылардың жанында қағаз, электронды немесе өзге де тасымалдағыштарда анықтамалық немесе басқа ақпараттың болуы және/немесе қолдануы	
6	Оқушылардың тыйым салынған заттарды алып жүруі және/немесе қолдануы	
7	Оқушылардың қорлайтын сөздерді қолдануы	
8	Зияткерлік мектеп қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері: көмек көрсету, ескерту жасау, шпаргалка беру және т.б.	
9	Басқа:	
Тәртіп бұзушылық туралы толық мәлімет:		

Лауазымы / Функциясы		
— ...	— (қолы)	— (Т.А.Ә.)

Хаттама толтырылған күн: «_____» _____ 20 жыл

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларын
 бағалау Ережелеріне
 18- қосымша

**Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша тәртіп
 бұзушылықтарды қарау жөніндегі емтихан комиссиясы отырысының
 ХАТТАМАСЫ**

(Мектептің толық атауы)

Оқушының (үміткердің) Т.А.Ә:	Пән:
Сынып:	

Емтихан комиссиясының құрамы:

Комиссия

төрағасы _____
 (Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

_____ толтырған мерзімінен
 бұрын

(Т.А.Ә.)

қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша тәртіп бұзушылықтарды тіркеу формасы
 қаралды.

Қарау нәтижесі бойынша емтихан комиссиясы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қабылданған шешімнің қысқаша негіздемесі

Емтихан комиссиясының төрағасы	_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)
Комиссия мүшелері:	_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)
	_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)
	_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)

Хаттама толтырылған күн: «_____» _____ 20 жыл